



«Астана қаласының
Активтер және мемлекеттік
сатып алу басқармасы» ММ
2023 жылғы «__» _____
№ _____ бұйрығымен
бекітілген

Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға.

2. Мекеме «Астана қаласы Білім департаментінің «Астана дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын құру туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 8 қыркүйектегі № 22-790қ қаулысы негізінде құрылған.

Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 03 қазандағы №107-2774 бұйрығымен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қайта құру жолымен Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылды

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы және оған қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган – Астана қаласының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) болып табылады.

4. Кәсіпорынға басшылықты жүзеге асыратын орган Астана қаласының Білім басқармасы (бұдан әрі – Басқару органы) болып табылады.

5. Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызмет түрлерінің жалпы классификаторын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

6. Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі толық атауы: Астана қаласы

әкімдігінің «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Қысқартылған атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» МКҚК.

7. Кәсіпорынның заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, № 33.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Кәсіпорынның дербес теңгерімі, заңнамаға сәйкес банктік шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы жазылған бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді алады, соттарда талапкер және жауапкер ретінде әрекет етеді.

11. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпорын басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

12. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

13. Кәсіпорын жасаған және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркелген сәттен бастап аяқталды деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні, мақсаты, түрлері және функциялары

14. Кәсіпорын қызметінің мәні:

1) дарынды балалар мен әртүрлі іс-шараларда қабілеттерінің жоғары деңгейін немесе ерекше дарындылығын көрсеткен дарынды жастарды қолдау үшін жағдай жасау;

2) елорданың білім беру жүйесінде әлеуметтік - құнды педагогикалық бастамаларды дамыту болып табылады.

15. Кәсіпорынның мақсаты – Астана қаласының дарынды балалары мен талантты жастарының әлеуеті мен шығармашылық қабілеттерін анықтау, дамыту және іске асыру үшін жағдай жасау.

16. Кәсіпорынның функциялары:

1) Астана қаласының дарынды балалары мен талантты жастарын анықтау, оқыту және қолдаудың тұтас жүйесін қалыптастыру;

2) зияткерлік және шығармашылық байқауларды, түрлі ойындар мен олимпиадаларды, ғылыми жарыстарды, турнирлерді, марафондарды, түрлі деңгейдегі жарыстарды, оның ішінде қашықтықтан өткізуді ұйымдастыру

3) балалар мен жастарды ғылыми-зерттеу қызметіне, ғылыми-техникалық шығармашылыққа тарту, өздігінен білім алу дағдыларын дамыту;

4) дарынды балалар мен талантты жастарды, олармен жұмыс істейтін педагогтерді атаулы қолдау тетігін құру;

5) оқушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауы, жеке тұлғаның жалпы бағытын білу мен зияткерлік қабілеттерін зерттеу, дарынды балалар мен талантты жастардың, елорда педагогтерінің электрондық деректер базасын құру;

6) дарынды балалармен жұмыс істеуге жергілікті зиялы қауым өкілдері мен шығармашылық элитаны тарту;

7) дарынды балалармен жұмыста әлеуметтік құнды педагогикалық бастамаларды жүзеге асыру үшін педагогикалық ұжымдарды, оның ішінде мектепке дейінгі, мемлекеттік емес мекемелерді, орталықтарды, жекелеген педагогтерді әдістемелік даярлауды қамтамасыз ету;

8) ғылыми-зерттеу, әдістемелік және ақпараттық-талдау қызметінің негізгі мәселелерін жалпы үйлестіруді жүзеге асыру үшін ғылыми кеңес, әртүрлі санаттағы педагогтер үшін әдістемелік қауымдастықтар құру;

9) әртүрлі зияткерлік жобаларды, жарыстарды, конкурстарды, слеттерді, фестивальдарды, конференцияларды сынақтан өткізу, іске асыру және енгізу, оның ішінде қашықтықтан әзірлеу;

10) білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне ақпараттық-әдістемелік көмек көрсету;

11) білім беру орталықтарымен, мектептермен, жоғары оқу орындарымен және қоғамдық ұйымдармен, оның ішінде жақын және алыс шетелдермен ғылыми-техникалық, білім беру, ақпараттық және іскерлік әріптестікті одан әрі дамыту мақсатында өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыру, меморандумдар жасасу;

17. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Басқа топтамаларға енгізілмеген қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер және эксперименттік әзірлемелер(ЭҚЖЖ 72209);

2) Спорт және демалыс саласындағы білім беру(ЭҚЖЖ 85510);

3) Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет (ЭҚЖЖ 85599);

4) Спорт саласындағы өзге де қызмет (ЭҚЖЖ 93190).

Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

18. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы келетін не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі басқару органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

20. Кәсіпорын басшысының кәсіпорын жарғысынан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттері Еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

21. Кәсіпорындағы білім беру және тәрбие жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатқа ие.

4. Оқу процесін ұйымдастыру

22. Оқыту-тәрбиелеу процесінің негізгі қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдері және Кәсіпорын қызметкерлері болып табылады.

23. Оқу-педагогикалық құжаттама мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Педагогтар бағдарламаларды және оларды шығармашылықпен қолдануды таңдауға құқылы.

24. Кәсіпорында оқыту мен тәрбиелеу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

25. Кәсіпорын балалардың қажеттіліктерін, отбасылардың және басқа ұйымдардың қажеттіліктерін, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерін және ұлттық-мәдени дәстүрлерді ескере отырып, білім беру қызметтерінің бағдарламасын дербес әзірлейді.

26. Орталықтың зияткерлік іс-шараларына оқушылардың қатысуы мыналарға негізделген:

1) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарымен жасалған шарттар;

2) белгілі бір салада дарындылығы бар оқушыларды іс-шараға қатыстыруға тиісті білім беру ұйымының жіберіген тізімі бар өтінімдері. Тізімде келесі мәліметтер болуы керек: жеке басын куәландыратын құжат(туу туралы куәлік), сынып, пәнге сәйкес оқушы туралы мәліметтер.

27. Оқу-жаттығу жиындарындағы сабақтар бір тақырыптық бағыттағы бағдарламалар немесе кешенді, біріктірілген бағдарламалар бойынша жүргізілуі мүмкін.

28. Оқу сабақтары, лекциялар, семинарлар, практикалық сабақтар, оқу практикасы, зертханалық, бақылау және өздік жұмыстар, консультациялар,

әңгімелер, сабақтан тыс жұмыстар, жобалар және оқу сабақтарының басқа да нысандары түрінде өткізілуі мүмкін.

29. Кәсіпорын басқа оқу орындарында, кәсіпорындар мен ұйымдарда бірлестіктер құра алады, олардың арасындағы өзара қарым-қатынас шартпен белгіленеді.

30. Оқу процесі оқушылардың денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады.

31. Педагогтарға тәрбиенің, оқу-тәрбие процесінің нәтижелі болуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген білім алушыларды оқытудың баламалы бағдарламаларын, әдістері мен нысандарын таңдау, қолдану құқығы беріледі.

5. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

32. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен және оқушылардың мінез-құлық ережелерімен реттеледі.

33. Білім алушылардың:

1) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес зияткерлік іс-шараларға ерікті түрде қатысу;

2) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес ақылы негізде қосымша білім беру қызметтерін алу;

3) кәсіпорынның ақпараттық ресурстарын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және оқу-әдістемелік құралдарды тегін пайдалану;

4) Өз пікірі мен сенімін еркін білдіру;

5) өзінің адамдық қадір-қасиетін құрметтеу;

6) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеу және сыйақы алу құқығы бар.

34. Білім алушылар міндетті:

1) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Кәсіпорын жарғысында және ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартында көзделген өзге де талаптарды орындауға;

2) Кәсіпорын талаптарына сәйкес білімдерді, дағдыларды, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге;

3) саналы түрде оқуға, себепсіз сабақтан қалмауға;

4) Кәсіпорынның мүлкіне және білім берудің техникалық құралдарына қамқорлық жасауға, қажет болған жағдайда оқу жиһазына жеңіл жөндеу жұмыстарын жүргізуге, ал мүлік бүлінген жағдайда ата-аналармен бірлесіп келтірілген зиянды өтеуге;

5) басқа білім алушылардың, кәсіпорын педагогтарының ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, оларға қатысты дөрекілік пен зорлық-зомбылыққа жол бермеу.

35. Білім алушыларға тыйым салынады:

1) Кәсіпорынға тұтану және жарылыс тудыруы мүмкін кез келген заттарды (қару, алкогольдік сусындар, темекі өнімдері, улы және есірткі заттары және т.б.) әкелуге, беруге және пайдалануға;

2) айналадағыларға қауіп тудыратын кез келген іс-әрекеттер жасауға (күш қолдану, қорқыту, бопсалау, нәсілдік, діни және ұлтаралық төзбеушілікті насихаттайтын әдебиеттер тарату);

3) іс-шаралар барысында, Ереже бойынша тыйым салынған жағдайда, ұйымдастырушылардың рұқсатынсыз ұялы телефондарды пайдалануға;

4) іс-шара барысында ұйымдастырушылардың рұқсатынсыз орнынан тұруға;

36. Тәртіп білім алушылар мен оқытушылардың адамгершілік қасиетін құрметтеу негізінде сақталады. Білім алушыларға физикалық және психикалық күш көрсету әдістерін қолдануға жол берілмейді.

37. Ата-аналар (занды өкілдері) мен Кәсіпорын арасындағы қатынастар осы Жарғының ережелерімен реттеледі.

38. Ата-аналар (занды өкілдері) құқылы:

1) балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға;

2) балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша Кәсіпорынның педагогтарымен және психологтарымен кеңесуге.

39. Ата-аналар (занды өкілдері) міндетті:

1) балалардың өмір сүруі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау, олардың интеллектуалдық және физикалық дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз ету;

2) өз құқықтары мен міндеттеріне қатысты Жарғыны және ішкі еңбек тәртібін сақтауға;

3) білім алушылардың сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;

4) өз балаларының Қоғамға келтірген материалдық залалын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуге міндетті.

40. Кәсіпорын басшысы мен оның қызметкерлері арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады.

41. Кәсіпорын қызметкерлері:

1) кәсіптік қызмет үшін жағдайлармен қамтамасыз етілуге;

2) кәсіби біліктілігін арттыруға;

3) жыл сайынғы ақылы демалысқа;

4) өзінің кәсіби ар-намысы мен абыройын қорғауға міндетті;

5) өз қызметіндегі жетістіктері үшін материалдық және моральдық көтермелеулер;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар жатады.

42. Кәсіпорын қызметкерлері міндетті:

1) Педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға;

2) салауатты өмір салтын ұстануға және білім алушылар арасында оны насихаттауға;

3) осы Жарғыны, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, лауазымдық нұсқаулықтарды, қауіпсіздік техникасы ережелерін, кәсіпорынның заң актілерін сақтауға, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, басшының нұсқауларын орындауға міндетті;

4) кемінде бес жылда бір рет тиісті санатқа аттестаттаудан өтуге міндетті. Әрбір бес жыл сайын біліктілік санатын растау;

5) өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіруге міндетті;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық тексерулерден және профилактикалық егулерден өтуге міндетті;

7) өз функцияларының орындалуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен дербес жауапты болады.

43. Кәсіпорын қызметкерлеріне білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында және білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға тыйым салынады.

44. Педагогикалық әдеп міндеттері мен нормаларын бұзғаны үшін педагог Қазақстан Республикасының заңнамасында және еңбек шартында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

45. Кәсіпорын негізгі жұмыс орны болып табылатын адамдар (басшы және оның қызметкерлері) еңбек ұжымының мүшелері болып табылады.

Біліктілік талаптарына сай келетін кез келген азамат кәсіпорынның қызметкері бола алады.

46. Кәсіпорында жұмыс істеуге педагогтік қызметке сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

6. Ақылы қызмет көрсету тәртібі

47. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіптік шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың» тізбесіне енгізілген іс-шараларды қоспағанда, «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақылы білім беру қызметтерін көрсетеді.

48. Кәсіпорын меншік нысанына қарамастан білім беру мекемелеріне келесі қызметтер көрсете алады:

1) ұжымдарда әлеуметтік-психологиялық зерттеулер жүргізу бойынша;

- 2) психологиялық консультациялар мен тренингтер өткізу бойынша;
 - 3) компьютерлік сауаттылыққа оқыту;
 - 4) шешендік өнерді оқыту;
 - 5) коммуникативтік дағдыларын жетілдіру үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілерін және бастауыш сынып оқушыларын жылдам оқуға, шешендік өнерге үйрету;
 - 6) тестерді, олимпиадалық тапсырмаларды бағалау бойынша қызметтер;
 - 7) педагогтердің біліктілігін арттыру үшін семинарлар, курстар (оның ішінде қысқа мерзімді), республикалық және халықаралық деңгейдегі конференциялар, тренингтер ұйымдастыру және өткізу;
 - 8) мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдары, мамандандырылған білім беру ұйымдары, ТЖКБ, меншік нысанына қарамастан қосымша білім беру ұйымдары (орталықтар, академиялар, кешендер және басқалар) бірлескен іс-шаралар өткізуде зияткерлік және шығармашылық қызметтер (зияткерлік және шығармашылық конкурстар, ойындар мен олимпиадалар, ғылыми жарыстар, турнирлер, марафондар, әртүрлі деңгейдегі жарыстар және басқалар, оның ішінде қашықтықтан) көрсету;
 - 9) «Олимпиадалық резервті» даярлау бойынша оқу-жаттығу жиындарын, психологиялық тренингтерді, білім беру консультацияларын, тестілеуді, білім беру бағыттарын таңдау бойынша консультацияларды, лагерьлердің бейіндік ауысымдарын ұйымдастыру және өткізу;
 - 10) жаңа мамандықты игеру және өзін-өзі дамыту мақсатында зияткерлік және жеке әлеуетті, кәсіби өзін-өзі анықтауды диагностикалау;
 - 11) ақпараттық-әдістемелік жинақтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, эксперименттік электрондық оқулықтарды басып шығару, баспа-, полиграфиялық, көшіру, безендіру және дизайнерлік жұмыстар;
49. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы білім беру қызметтерін және осы тізбеге енгізілмеген өзге де қызметтерді көрсетуге құқылы.
50. Кәсіпорын ақылы негізде ұсынатын тауарлардың (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің) бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.
51. Ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетуден алынған қаражат білім беру процесіне, оның ішінде оқу жабдықтарын сатып алуға, кәсіпорын қызметкерлерін әлеуметтік және материалдық қолдауға қайта инвестицияланады.

7. Кәсіпорынды басқару

52. Кәсіпорынды жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған уәкілетті орган жүзеге асырады.

53. Әкімдіктің мынадай өкілеттіктері бар:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға осыған уәкілеттік береді;

3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітіп береді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға беруге, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

6) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

54. Басқару органының мынадай өкілеттіктері бар:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын, олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі, бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) кәсіпорын мүлкінің есепке алынуын ұйымдастырады және оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) кәсіпорын басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босатудың негіздерін айқындайды;

7) педагог қызметкерлерге мынадай біліктілік санаттарын береді және растайды: «Педагог – модератор», «Педагог – сарапшы», «Педагог-зерттеуші», «Педагог-шебер»;

8) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

55. Кәсіпорынның басқару органы оның басшысы болып табылады.

56. Кәсіпорынның басшысын қызметке конкурстық негізде уәкілетті орган тағайындайды және қызметтен босатады. Оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аттестаттау қағидаларында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

57. Уәкілетті орган Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

58. Кәсіпорын басшысы кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне, мүлкінің сақталуына, кәсіпорынға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына, таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармағаны үшін, сондай-ақ кәсіпорын қызметкерлерінің

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтамағаны үшін дербес жауапты болады.

59. Кәсіпорын басшысы кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

60. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

61. Кәсіпорын басшысының келесі өкілеттіктері бар:

1) кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүддесін білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) кәсіпорынның барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларға жаза қолданады;

8) өз орынбасарларының және кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін басқару органына кандидатуралар ұсынады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

62. Әдістемелік кеңес – Кәсіпорынның алқалы басқару органы, кәсіпорынның педагогтары, басшысы және оның орынбасарлары кіретін кәсіпорынның қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

63. Әдістемелік кеңестің құзыретіне:

1) кәсіпорынның жұмыс жоспарын және кәсіпорынды дамыту бағдарламасын бекіту;

2) педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын айқындау;

3) кәсіпорын педагогтерінің біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, олардың шығармашылық бастамаларын дамыту;

4) озық тәжірибені тарату;

5) педагогтер мен басқа да қызметкерлерді әртүрлі көтермелеу түрлеріне ұсыну.

64. Әдістемелік кеңес оқу процесін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етеді, әдістемелік бірлестіктердің жұмысын қарайды, оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету сапасына мониторинг ұйымдастырады.

65. Әдістемелік кеңес білім беру ұйымдарында оқытудың жаңа технологияларын, әдістерін, құралдарын енгізу және жетілдіру бойынша жұмысты жүзеге асырады, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер өткізеді.

8. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбек тәртібі

66. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

67. Қызметкерлердің жұмыс уақыты заңнамада белгіленген нормалар шегінде бекітілген кестемен айқындалады.

68. Қызметкерлердің жұмыс аптасының ұзақтығы аптасына 40 сағатты құрайды.

9. Кәсіпорынның мүлкі

69. Кәсіпорынның мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды.

70. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

71. Кәсіпорынның мүлкі мыналардан құралады:

1) оған құрылтайшы берген мүлік;
2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

72. Кәсіпорынның қарамағында оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік қана бола алады.

73. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, оралымды басқару құқығына ие болу және оны тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

74. Оралымды басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның оралымды басқаруына түседі.

75. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе құрылтайшының шешімінде өзгеше белгіленбесе, құрылтайшы оны

Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылдаған мүлікке оралымды басқару құқығы Кәсіпорында мүлікті өз балансына бекітіп берген кезде туындайды.

76. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

77. Кәсіпорынның мүлкін жедел басқару құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 249-бабында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 78-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

78. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, әкімдік тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

79. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде әкімдік кәсіпорынға алып қойылған мүлікті өзге тұлғаға бергенге дейін оны ұстау және сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілеуге құқылы.

80. Осы Жарғының 76-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпорын өзіне бекітілген, негізгі құралдарға жататын мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті әкімдіктің жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

81. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығымен бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

10. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

82. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты (жергілікті және республикалық бюджет) есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

83. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін әкімдік белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке есептелуге жатады.

Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

84. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес сатады. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын әкімдік белгілейді.

85. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан кәсіпорын алған табыстар,

сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қойылуға жатады.

11. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

86. Кәсіпорынның жарғылық капиталы құрылтайшыдан жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Басқармаға алынған мүліктен қалыптасады.

12. Кәсіпорынның есебі және есептілігі

87. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әкімдікпен келісу бойынша кәсіпорын басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

88. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне мыналар кіреді: бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығындар туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

13. Кәсіпорынның жауапкершілігі

89. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, кәсіпорынның қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

14. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

90. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу қоры Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген белгіленген еңбекке ақы төлеу қоры шегінде лауазымдық айлықақылардан (мөлшерлемелерден), еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақылардан, өтемақылардан, сыйлықақы беру және кәсіпорын қызметкерлеріне өзге де сыйақы беру жүйесінен айқындалады.

91. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

92. Еңбекақы төлеу қоры еңбекақы төлеу нысаны, тарифтік кесте, кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық айлықақылары кәсіпорынның штат кестесіне сәйкес белгіленеді

15. Кәсіпорынның халықаралық ынтымақтастығы

93. Кәсіпорын халықаралық ынтымақтастықты Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

94. Кәсіпорын өз жұмысының ерекшелігіне сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен тікелей байланыстар орнатуға, ынтымақтастық туралы екіжақты және көпжақты шарттар жасасуға, білім алушылармен, педагог және ғылыми қызметкерлермен алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуға, халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (бұдан әрі-үкіметтік емес ұйымдар) кіруге құқылы.

16. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

95. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату әкімдіктің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды әкімдік жүзеге асырады.

96. Таратылған Кәсіпорынның кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін әкімдік қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

17. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

97. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органды хабардар етеді.

98. Құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Кәсіпорындар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

Утвержден приказом
ГУ «Управление активов и
государственных закупок
города Астаны»
от «__» _____ 2023 года
№ _____

Устав
Государственного коммунального казенного предприятия
«Центр по выявлению и поддержке одаренных детей и талантливой
молодежи «Астана дарыны» акимата города Астана

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Центр по выявлению и поддержке одаренных детей и талантливой молодежи «Астана дарыны» акимата города Астана (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением акимата города Астаны от 8 сентября 2006 года № 22-790п «О создании Государственного коммунального казенного предприятия «Региональный научно-практический центр «Астана дарыны» Департамента образования города Астаны.

Постановлением акимата города Астана от 3 октября 2022 года №107-2774 Коммунальное государственное учреждение «Центр развития одаренности и психологического сопровождения «Астана дарыны» акимата города Нур-Султан реорганизовано путем преобразования в Государственное коммунальное казенное предприятие «Центр по выявлению и поддержке одаренных детей и талантливой молодежи «Астана дарыны» акимата города Астана.

3. Учредителем Предприятия и органом, осуществляющим по отношению к нему функции субъекта права коммунальной собственности, является акимат города Астана (далее – акимат).

4. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является Государственное учреждение «Управление образования города Астана» (далее – Уполномоченный орган).

5. Предприятие в своей деятельности руководствуется Конституцией, Семейным кодексом Республики Казахстан, законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О государственном имуществе», «Об образовании», другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан и настоящим Уставом.

6. Полное наименование Предприятия: Государственное коммунальное казенное предприятие «Центр по выявлению и поддержке одаренных детей и талантливой молодежи «Астана дарыны» акимата города Астана.

Сокращенное наименование: ГККП «Центр по выявлению и поддержке одаренных детей и талантливой молодежи «Астана дарыны» акимата города Астана.

7. Юридический адрес Предприятия: Республика Казахстан, 010000, город Астана, район «Есіл», проспект Қабанбай батыр, №33.

2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, штампы и печать с изображением Государственного герба Республики Казахстан со своим наименованием, вывеску установленного образца.

10. Предприятие приобретает имущественные и неимущественные права и обязанности, выступает истцом и ответчиком в судах.

11. Предприятие не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

12. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

13. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет, цель, виды деятельности и функции Предприятия

14. Предметом деятельности Предприятия является:

1) создание условий для поддержки одаренных детей и талантливой молодежи, проявляющих высокий уровень способностей или особую одаренность в различных видах деятельности;

